

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ



LED теледидары F32D8000C

Мазмұны

Декларация	4
Сақтық шаралары	5
Теледидарды орнату	7
• Теледидарды қабырға бетіне орнату кезіндегі қашықтықтар	8
• Теледидарды түпқойма үстіне орнату кезіндегі қашықтықтар	9
Түпқойманы құрастыру және қабырғаға орнату	10
• Түпқойманы құрастыру	10
• Қабырға бетіне орнату (опционалдық)	11
Теледидардың сұлбасы	12
Сыртқы қосылымдар	14
Қашықтықтан басқару пульті	16
Негізгі операциялар	19
• Бастапқы теңшелімдер.....	20
Бас мәзір	21
Smart-ТД үй беті.....	22
• Медиафайлдарды жаңғырту	23
iTV	24
USB мультимедиа плеері	24
Қолданбалар.....	26
Басқа құрылғылардан жіберу.....	27
• EShareServer	27
• AirPlay	28
Параметрлерді мәзірде теңшеу.....	29
• «Настройки сети» (Желі теңшелімдері) мәзірі.....	29
• «Настройки времени» (Уақытты теңшеу) батырмасы	31
• «Настройки системы» (Жүйе теңшелімдері) мәзірі.....	32
Теледидардың негізгі мәзірі	33
• Сигнал көзін таңдау	33
• «Картинка» (Сурет) бөлімі.....	33
• «Звук» (Дыбыс) бөлімі.....	34
• «Канал» (Арна) бөлімі	36
• «Каналы» (Арналар) бөлімі.....	39
• «Блок системы» (Жүйенің блогы) бөлімі	40
• Настройки времени (Уақытты теңшеу)	40
• «Дополнительно» (Қосымша) бөлімі.....	41
PVR опциясы	42
Телемәтін	43
Ықтимал ақаулар және олардың шешімдері	44
Техникалық сипаттамалары	46
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	47
Қосымша ақпарат	48
Пайдаланушы нұсқаулығының қосымшасы	49

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, атқарымдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз және бұйымды одан әрі қолданған кезде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Теледидар – бұл сымсыз арналар немесе кабель бойынша жіберілетін кескінді және дыбысты (соның ішінде теледидарлық бағдарламаларды немесе бейнесигналды жаңғырту құрылғылары — мысалы, DVD/Blu-ray-ойнатқыштарынан, ойын тіркемелерінен және т. б. сигналдарды) қабылдауға және көрсетуге арналған электрондық құрылғы.

«DEXP» өнімін үнемі жетілдіру жұмысына байланысты техникалық сипаттамалары, сыртқы түрі және кейбір атқарымдардың сипаттауы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы (бұдан әрі - ПН) ақпаратқа сәйкес келмеуі мүмкін. ПН және нақты атқарымдардың арасында сәйкессіздік кезінде соңғылары басым күшіне ие болады.

Декларация

Осы құрылғының көмегімен қол жеткізілетін және жеке коммерциялық емес қолдануға ғана арналған кез келген контент пен қызметтер, тиісті үшінші тараптың меншігі болып табылады және авторлық құқық, патент, тауар белгісі және зияткерлік меншіктің басқа да құқықтары туралы ережелер мен заңдарға сай қорғалуы тиіс. Осы контент мен қызметтердің ешбір бөлігі контент иесінің немесе қызмет жеткізушінің алдын ала рұқсатынсыз өзгертілуі, қайталануы, жариялануы, жүктелуі, таратылуы, басқа тілдерге аударылуы, сатылуы немесе олардың негізінде алынған өнімдерді дайындау және тарату үшін қолданылуы мүмкін емес.

Осы құрылғыны қолданумен байланысты тәуекелді өзіңіз ғана көтеретініңізді және келешекте осы құрылғының көмегімен қол жеткізілетін кез келген контент пен қызметтердің сапасы, сипаттамалары және дәлдігімен байланысты кез келген тәуекелді де өзіңіз ғана көтеретініңізді мойындайсыз және онымен келісесіз. Осы құрылғы, сондай-ақ үшінші тұлғалардың контенті мен қызметтері қолданыстағы заңнамамен рұқсат етілетін шектерде айқын немесе тұспалданған кепілдіктерсіз ұсынылады.

Осы құрылғымен бірге ұсынылатын кез келген контент және қызметтер тиісті үшінші тараптың меншігі болып табылады, сондықтан Өндіруші осы құрылғының көмегімен ұсынылатын олардың сапасына, уақытылылығына, осы құрылғы көмегімен ұсынылатын контент заңдылығы мен толықтығына қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды және ешқандай кепілдік бермейді, сондай-ақ олардан туындайтын заңи салдар немесе залалды өтеу бойынша міндеттемелер үшін жауапкершілікті мойындамайды.

Өндіруші белгілі бір контентті немесе қызметті қолдануды немесе оған қол жеткізуді шектеу құқығын өзіне қалдырады. Мазмұн мен сервистік қызметтер желі арқылы және үшінші тараптың тарату құралдары арқылы берілетіндіктен, Өндіруші клиенттерге қызмет көрсетпейді және осындай қызмет көрсету жөнінде міндеттемелерді мойындамайды.

Сақтық шаралары

	НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ЭЛЕКТР ТОҒЫМЕН ЗАҚЫМДАНУ ҚАУІПІ, АШПАҢЫЗ	
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ЭЛЕКТР ТОҒЫМЕН ЗАҚЫМДАНУДАН САҚтану үшін ТД АЛДЫҢҒЫ НЕМЕСЕ АРТҚЫ ҚАҚПАҒЫН АЛМАҢЫЗ. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУШЫ ЖӨНДЕЙ АЛАТЫН НЕМЕСЕ АУЫСТЫРА АЛАТЫН БӨЛШЕКТЕРІ ЖОҚ. ЖӨНДЕУ ҮШІН БІЛІКТІ МАМАНДАРДЫҢ КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНІҢІЗ.		



Үшбұрыштағы найзағай белгішесі пайдаланушыны құрылғының ішіндегі қауіпті кернеудің бар болғаны туралы ескертеді, ол электр тоғымен зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкін. Осындай белгімен белгіленген панельді алып тастауға тыйым салынады.



Үшбұрыштағы леп белгісі пайдаланушыны қызмет көрсету немесе ақауларды жою жөніндегі тиісті нұсқаулардың бар болғаны жөнінде ескертеді.

Тұтану немесе электр тоғымен зақымдану қаупін болдырмау үшін теледидарды ылғалдың немесе жаңбырдың әсеріне ұшыратпаңыз. Құрылғыға судың шашырауына және тамшылауына жол бермеңіз.

Теледидарға суы бар кез келген ыдыстарды (гүлсауыттар, бөтелкелер, стақандар және т.б.) қоюға тыйым салынады.

Жұмыс барысында теледидар экраны мен корпусы қызуы мүмкін. Бұл ақаулық емес.

Құрылғыдан түтін, біртүрлі шуыл немесе иіс шыққан жағдайда орындалатын іс-әрекеттер:

- теледидарды дереу сөндіріңіз;
- ашаны розеткадан суырыңыз;
- авторизацияланған сервистік орталықпен хабарласыңыз.

Келесі мәселелер туындаған жағдайда, теледидарды дереу қуат желісінен ажыратып, білікті маманның көмегіне жүгініңіз:

- аша немесе қуаттау баусымы зақымдалған;
- желілік розеткаға сәйкессіздік;
- теледидар құлау немесе соққы нәтижесінде зақымдалған;
- теледидар ылғалдың әсеріне ұшырады немесе оған бөгде заттар түсіп кеткен.

Теледидардың тесіктеріне бөгде заттарды ешқашан салмаңыз, себебі олар қауіпті кернеумен жанасуы немесе қысқа тұйықталуға себеп болып, тұтануға немесе электр тоғымен зақымдануға әкелуі мүмкін.

Құрылғы балалардың және, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асырайтын жағдайларды қоспағанда, физикалық, сенсорлы немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.

Осы құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.

Желілік розеткаларды, ұзартқыштарды немесе бейімдегіштерді артық жүктемеңіз, бұл тұтануға немесе электр тоғымен зақымдануға әкеп соқтыруы мүмкін. Қуаттау баусымы, оған басып кете алмайтындай немесе үстіне не жанына қойылған заттармен жаншып кете алмайтындай етіп төселуі тиіс. Ашаның, розетканың жанындағы және теледидар шығысындағы қуаттау баусымына ерекше назар аударыңыз. Теледидарды сөндіру үшін, оның ашасы әрдайым қолжетімді болуы тиіс. Ашаны розеткадан суыру кезінде баусымнан емес, ашадан ұстаңыз. Ашаны розеткадан ылғал қолмен ешқашан суырмаңыз.

Экранды баспаңыз және тырнамаңыз, теледидар үстіне қандай да бір заттарды қоймаңыз. Бұл кескіннің нашарлауына немесе экранның зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Тұтануды болдырмау үшін теледидардың жанына от көздерін, мысалы майшамдарды және басқ. қоймаңыз.

Сыртқы антенна электр беру әуе желілерінің немесе басқа да электрлік немесе күштік тізбектердің дәл жанында немесе осындай желілер немесе жүйелер үстіне құлап қалуы мүмкін жерде орналаспауы тиіс. Сыртқы антеннаны орнату кезінде барынша абай болу керек және күштік желілермен жанасудан аулақ болу қажет, себебі бұл қазаға ұшырататындай қауіпті болуы мүмкін.

Егер теледидар бірнеше күн бойы қолданылмай жатса, теледидарды қауіпсіздік мен энергия үнемдеу мақсатында электр желісінен ажырату керек. Теледидар сөндірулі болса, бірақ электр желісінен ажыратылмаса, ол күту режимінде болып табылады. Теледидардың кейбір опциялары дұрыс жұмыс істеу үшін теледидар күту режимінде қалуы талап етілуі мүмкін. Күн күркіреген кезде теледидардың ашасын розеткадан дереу суырып алыңыз. Күн күркіреген кезде антеннаны қолыңызбен ұстамаңыз.

Құлаққаптағы шамадан тыс қатты естілетін дыбыс есту қабілетінің нашарлауына алып келуі мүмкін.

Теледидарды орнату

Теледидары орнату жөніндегі кеңестер

- Оңай қосу және сөндіру үшін теледидар айнымалы тоқтың ашалы розеткасының жанына орнатылуы тиіс.
- Өз қауіпсіздігіңіз үшін қабырғаға бекітілетін тиісті қаданы немесе түпқойманы таңдаңыз.
- ТД қабырға бетіне орнату үшін білікті маманның көмегіне жүгініңіз. ТД дұрыс орнатпаған жағдайда, ол орнықсыз тұруы мүмкін.

Назар аударыңыз


Теледидар тегіс орнықты жерге орнатылмаған болса, ол құлап қалу мүмкіндігіне, қауіп төндіруі мүмкін. Зақым келтірілмеуі үшін келесі сақтық шараларын басшылыққа алу керек:

- Теледидардың өндірушісі ұсынған шкафтарды/түпқоймаларды қолданыңыз.
- Теледидарды тегіс орнықты жерлерде ғана орнатыңыз.
- Теледидар орнатылған жиһаздың жиегінен түсіп тұрмайтындығына көз жеткізіңіз.
- Теледидар бекітілмеген болса, оны биік жиһаздың үстіне қоймаңыз.
- Теледидарды матаға немесе жиһаз бен теледидардың арасындағы басқа да заттарға қоймаңыз.
- ТД механикалық дірілге бейім болып келетін жерлерге қоймаңыз.
- ТД жәндіктер кіріп кетуі мүмкін жерлерге қоймаңыз.
- ТД кондиционерге қарама-қарсы қоймаңыз, әйтпесе экранның ішкі панелінде ылғал жиналып, оның сынуды тудыруы мүмкін.
- ТД күшті магниттік өрісі бар жерлерде орнатпаңыз, әйтпесе ол теледидардың жұмысында бөгеуілдерді тудырады да электромагниттік толқындар оның істен шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.
- Балаларға теледидар орнатылған жиһазға шығудың қауіпті екенін түсіндіріңіз.


Желдету

- ТД жан-жағында кейінгі сұлбаларда көрсетілгендей қажетті кеңістіктің қалдырылғанына көз жеткізіңіз.
- Желдету тесіктерін жаппаңыз және қандай да бір заттарды корпусқа салмаңыз.
- Құрылғыны шектеулі кеңістікке, мысалы қандай да бір кіріктірілген шкафтарға салмаңыз. Бұл қалыпты желдетуге кедергі келтіріп, ТД істен шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.


Теледидарды қабырға бетіне орнату кезіндегі қашықтықтар




Ауаны айналдыру кезіндегі бөгеуіл



Теледидарды түпқойма үстіне орнату кезіндегі қашықтықтар



Ауаны айналдыру кезіндегі бөгеуіл



Түпқойманы құрастыру және қабырғаға орнату



Теледидарды орнатудың алдында теледидарды қаптамадан шығарып, барлық жиынтықтаушылардың бар болғанына көз жеткізіңіз:

- теледидар;
- пайдаланушының нұсқаулығы;
- қашықтықтан басқару пульті;
- қуаттау кабелі (ТД қосылуы мүмкін);
- AAA батареялары (2 дана);
- тіреуішті бекіту бұрамалары (4 дана);
- түпқоймалары (2 дана);
- жеке ыдыс;
- кепілдік талоны.

Олар болмаған жағдайда, сатушыға жүгініңіз.

Түпқойманы құрастыру


1. Түпқойманы бекіту/алып тастау алдында теледидардың сөндірілгеніне көз жеткізіңіз.
2. Теледидардың зақымдалуын болдырмау үшін оны жұмсақ жабынға төмен қаратып жатқызыңыз.
3. Қаптамадан түпқоймаларды шығарып алыңыз және оларды теледидардың төменгі жалғағыштарына қондырыңыз.
4. Жиынтықта қосы берілген 4 бұраманы пайдаланып, түпқоймаларды бекітіңіз.



5. Түпқоймаларды теледидарды ажырату үшін 3 пен 4 қадамдарды кері тәртіппен орындаңыз.

Қабырға бетіне орнату (опционалдық)


Теледидар қабырға бетіне арнайы қабырғалық тіреуіштің көмегімен орнатылуы мүмкін (жеткізу жиынтығына кірмейді). Теледидарды қабырға бетіне орнатудың алдында стандартты түпқойманы алып тастау керек.



1. Теледидардың зақымдалуын болдырмау үшін оны жұмсақ жабынға төмен қаратып жатқызыңыз.
2. Бұрағышты қолдана отырып, бұрамаларды бұрап алыңыз және теледидардың төменгі жағындағы стандартты түпқойманы алып тастаңыз (1).
3. Тіреуіштің өлшемдеріне (2, 3) сай бұрамаларға арналған тесіктердің арасындағы қашықтықты қарындашпен белгілеңіз.
4. Қабырғада тесіктерді бұрғылап, бекітуге арналған 4 анкерлі бұранданы салыңыз (4).
5. Тіреуішті бекіту үшін теледидардың артқы жағына бұрамаларды бұрап, құрылманы қабырғаға іліп қойыңыз.

Қабырғалық бекіткіш айрықшаламасы

Қабырғалық тесіктердің орналасу сұлбасы (мм)	100x100
Қабырға бетіне бекітілетін бұрандаманың өлшемі	M4




Ескертпелер:

- Жоғарыдағы сұлба тек анықтама ретінде ғана келтірілген.
- Бекіту үшін VESA стандартына сәйкес келетін тіреуіштерді қолданыңыз.

Теледидардың сұлбасы

Алдыңғы панель




ҚБ пультінің сенсоры, қуаттау индикаторы

Атауы	Сипаттауы
	Теледарды іске қосу /сөндіру үшін батырманы пайдаланыңыз.

Ескертпелер:

- Кескіндер анықтама үшін келтірілген.
- Теледидарға қуат беру кезінде бағдарлама жүктелуі үшін бірнеше секунд қажет болуы мүмкін. Теледидарды бірден сөндірмеңіз, себебі бұл оның жұмысында ақауларды тудыруы мүмкін.

Артқы панель





LAN	HDMI1	HDMI2	ANT2 SATELLITE 13.18V ---400mA	ANT1	DIGITAL AUDIO OUT	COMMON INTERFACE AV	USB2.0 (F7) ---500mA
-----	-------	-------	--------------------------------------	------	----------------------	------------------------	-------------------------

- Кез келген түрінде қосу үшін жалғағыштардың күй мен түрін тексеріңіз. Әлсіз қосылыс кескінімен немесе түсімен ақау тудыруы мүмкін. Барлық қосылыстардың тығыздығына және сенімділігіне көз жеткізіңіз. Барлық аудио- және бейнеаппаратурасының теледидарға қосу мүмкіндігі болмайды; үйлесімділігі мен қосылуын байқау үшін Сіздің құрылғыңыздың нұсқаулығын қарауды өтінеміз.
- Сыртқы жабдықты қосар алдында электр тоғымен зақымдануды болдырмау үшін розеткадан желелік ашаны ажыратыңыз.
- Сыртқы құрылғыны қосуға арналған сервистік жалғағыш қолжетімсіз. Оны өндіруші тек теңшеу мақсатында ғана пайдаланады.
- Жалғағыштардың теледидарда орналасуы мен атаулары ерекшеленуі мүмкін. Кейбір жалғағыштардың болмауы мүмкін.

Сыртқы қосылымдар

ANT	Сыртқы антенна Кабель ANT 1 DVB-T/T2/C немесе Кабель (75Ω) Антенна VHF/UHF ANT 2 DVB-S/S2 Спутниктік антенна (Жиынтыққа кірмейді)
COAXIAL OUT	Аудиоқұшейткіш/Баған DIGITAL AUDIO OUT Кабель DIGITAL AUDIO (Жиынтыққа кірмейді)
HDMI 1, 2	Аудиоқұшейткіш/Баған/DVD/Blu-Ray/AV-ресивер/Телетіркеме HDMI Кабель HDMI (Жиынтыққа кірмейді)
AV IN (mini)	DVD / Бейнекамера / Телетіркеме / Спутниктік ресивер Бейнеарна Сол жақ бейнеарна Оң жақ бейнеарна AV IN (Жиынтыққа кірмейді) AV OUT Video L R
LAN	Роутер/бағдарлауыш LAN LAN кабелі (Жиынтыққа кірмейді)


COMMON INTERFACE	 • CI + модулін қондыру/алып шығару алдында, теледидардың сөндірулі болғанына көз жеткізіңіз. Кейін қызмет жеткізушінің нұсқауларына сәйкес CI картасын CI + модуліне қондырыңыз. • CAM-модулін орнатпаңыз және шығармаңыз, себебі бұл интерфейсті бұзып, ақаулықтың себебі болуы мүмкін. • CI + модулі мен картасын Сіз қарағыңыз келген арналардың қызметтерін жеткізушіден ала аласыз. • Смарт-картасы бар CI + модулін модуль мен смарт-картасында белгіленген бағытпен орнатыңыз. • CI + кейбір елдер мен өңірлерде қолданылмайды; қызмет жеткізушімен кеңесіңіз.
USB	 • Қатты дискіні немесе USB-тасығышын қосу кезінде, қосылып тұрған құрылғының желілік бейімдегішін әрқашан қуат көзіне қосып тұрыңыз. Тоқты жалпы тұтынудан асып кету құрылғының ақауына ұшыратуына мүмкін. USB 1.1 және USB 2.0 құрылғылары үшін тоқтың ең жоғары күші 500 мА құрайды. • Егер қатты дискінің тоқ күші 1 А мәнінен үлкен немесе оған тең болса, оның қосылуы теледидардың артық жүктемесін немесе өздігінен бұғатталуын тудыруы мүмкін. • USB-порты 5 В кернеуді қолдайды.

Қашықтықтан басқару пульті


1. POWER: теледидарды іске қосу немесе күті режиміне ауыстыру.
2. MUTE: дыбысты қосу/сөндіру.
3. Арна нөмірі: арнаны немесе телемәтін бетін тұра таңдау.
4. ZOOM: кескін жақтарының арақатынасын өзгерту.
5. REC: PVR мәзірінен кіріс/шығыс.
6. INFO: арна туралы немесе сигнал туралы ақпаратты көрсету.
7. FAV: сүйікті арналардың тізімін шақыру.
8. EPG: электронды хабарлама бағдарламасын көрсету/жасыру (тек цифрлық телевизия үшін).
9. SLEEP: ТД іске қосу таймерін орнату.
10. MENU: бас мәзірге өту.
11. SOURCE: сигнал көзін таңдау.
12. OK: таңдауды немесе теңшеуді растау.
13. Нұсқар-батырмалары: мәзір бойынша навигациялау және кейбір жүйе параметрлерін теңшеу.
14. EXIT: ағымдағы мәзірден/терезеден шығу.
15. RECALL: соңғы қараған терезеге ауысу.
16. USB: медиаплеер режиміне кіру.
17. : виртуалды тінтуір меңзерін іске қосу/сөндіру.
18. VOL / : дауыс қаттылығын реттеу.
19. CH / : арналарды ауыстырып-қосу.
20. HOME: үй бетіне қайтып оралу.
21. P.MODE: кескін режимдерін ауыстырып қосу.
22. S.MODE: аудио режимдерін ауыстырып қосу.
23. : NICAM дыбыс режимін таңдау.
24. SUBTITLE: субтитрлерді көрсету/жасыру (қолданылатын болса).
25. Көпфункционалды түрлі-түсті батырмалар: әртүрлі функцияларды басқару (әдетте тиісті түспен белгіленген).
26. [III]:
 - медиаплеер режимінде үзіліс;
 - телемәтін қарау режимін таңдау.
27. [■]:
 - жазуды/жаңғыртуды тоқтату;
 - телемәтін беттерін ұстау/жаңарту.
28. [▶]:
 - медиаплеер режимімен жаңғырту;
 - телемәтін режиміне кіру/шығу.
29. SIZE: телемәтін бетінің көлемін өзгерту.
30. [◀▶]:
 - медиаплеер режимінде алдыңғы файл;
 - телемәтіннің мазмұны.
31. [▶▶]:
 - медиаплеер режимінде келесі файл;
 - телемәтіннің жасырын ақпаратын шығару.
32. [◀◀]:
 - медиаплеер режимінде артқа орау;
 - телемәтіннің субтитрлерін немесе көмекші беттерін қарау.
33. [▶▶]:
 - медиаплеер режимінде алдына орау;
 - телемәтінді көрсету/жасыру.




Қашықтықтан басқару пультінің батареяларын орнату



Қашықтықтан басқару пультінің батареялық бөлігін ашу үшін артқы қақпақты жылжытыңыз.



Екі AAA батареяларын салыңыз. Батареялардың полярлығын дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз: батареяның $\oplus$ және $\ominus$ жағы батарея бөлігінде көрсетілген $\oplus$ және $\ominus$ жағына сай келеді.



Батареялық бөлік қақпағын жабыңыз.


Ескертпелер:

Бұйымның кескіндері тек анықтама үшін ғана келтіріледі. Нақты бұйымның басқа сыртқы түрі болуы мүмкін.

Батареялармен жұмыс жасау

- Батареяларды дұрыс қолданбау тоттануға немесе жылыстауға себеп болып, өртке, жарақатқа және мүліктің зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін.
- Осы Нұсқаулықта көрсетілген түрдегі батареяларды ғана қолданыңыз.
- Ескі және жаңа батареяларды немесе әртүрлі типті батареяларды бір уақытта қолданбаңыз.
- Батареяларды тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырмаңыз. Батареяларды жергілікті заңнамаға сәйкес кәдеге жаратыңыз.

Қашықтықтан басқару пультінің әрекет ету қашықтығы



Негізгі операциялар

- Жаңа теледидарды іске қосқан кезде инициализациялау бірнеше минут алуы мүмкін.
 - Сіздің теледидардың экран мәзірі келтірілген кескіндерден ерекшеленуі мүмкін.
 - Қолжетімді мәзір мен параметрлер пайдаланылатын кіру көзіне немесе құрылғының моделіне байланысты ерекшеленуі мүмкін.
 - Құрылғының айрықшаламалары немесе осы Нұсқаулықтың мазмұны құрылғыны жетілдіруіне байланысты алдын ала хабарлаусыз өзгеруі мүмкін.
1. Барлық қосылыстар өткізілгеннен кейін қуаттау баусымын электрлік розеткеге қосыңыз.
 2. Алғашқы рет қосқанда экранда Орнату жөніндегі нұсқаулық көрсетіледі.
 3. Мәзір бойынша ауысу және теңшелімдерді өзгерту үшін батырмаларды басыңыз ▲, ▼, ◀ және ▶. Таңдауды растау үшін «OK» батырмасын басыңыз.

Теледидарды іске қосу/сөндіру

Теледидарды іске қосу/сөндіру үшін:

- Қуаттау баусымының ашасын айнымалы тоқ желісінің розеткасына салыңыз.
- Теледидарды қуаттауға қосқан кезде ҚБ пультіңде «POWER» батырмасын басыңыз.

Дыбыс қаттылығын реттеу

Қарау кезінде дыбыс қаттылығын реттеу үшін ҚБ пультіңде «VOL ⊕» және «VOL ⊖» батырмаларын пайдаланыңыз.

Дыбысты сөндіру және қосу

Қарау кезінде дыбысты сөндіру және іске қосу үшін ҚБ пультіңде «MUTE» батырмасын басыңыз.


Бастапқы теңшелімдер

- Жаңа теледидарды іске қосқан кезде инициализациялау бірнеше минут алуы мүмкін.
 - Сіздің теледидардың экран мәзірі келтірілген кескіндерден ерекшеленуі мүмкін.
 - Қолжетімді мәзір мен параметрлер пайдаланылатын кіру көзіне немесе құрылғының моделіне байланысты ерекшеленуі мүмкін.
 - Құрылғының айрықшаламалары немесе осы Нұсқаулықтың мазмұны құрылғыны жетілдіруіне байланысты алдын ала хабарлаусыз өзгеруі мүмкін.
1. Барлық қосылыстар өткізілгеннен кейін қуаттау баусымын электрлік розеткаға қосыңыз.
 2. Алғашқы рет қосқанда экранда Орнату жөніндегі нұсқаулық көрсетіледі.
 3. Мәзір бойынша ауысу және теңшелімдерді өзгерту үшін батырмаларды басыңыз ▲, ▼, ◀ және ▶. Таңдауды растау үшін «OK» батырмасын пайдаланыңыз.

Язык (Тіл)	Мәзірді көрсету үшін қалаған тілді таңдаңыз.
Страна (Ел)	Теледидар қолданылатын жерді көрсетіңіз.
Часовой пояс (Сағат белдеуі)	Жергілікті сағат белдеуін таңдаңыз. (Кейбір елдерде ғана қолжетімді)
Настройка сети (Желіні теңшеу)	Желі түрін таңдаңыз: сым арқылы немесе сымсыз (Wi-Fi).
Соединение с ТВ помощником (ТД көмекшісімен қосылыс)	QR кодын сканерлеңіз және қолданбаны ұялы телефонға жүктеп алыңыз.
Поиск ТВ программ/видео (ТД бағдарламаларын/ бейнелерін іздеу)	ТД бағдарламаларын немесе басқа бейнені қарау үшін сигнал көзін таңдаңыз. Эфирлік немесе кабельдік сигнал түрін таңдаңыз. Кейін аналогтық+цифрлық, аналогтық немесе цифрлық арналар – іздеу түрін таңдаңыз. Кейін сканерлеу түрін таңдаңыз және бағдарламаларды автоматты іздеу үшін «OK» басыңыз.
Завершение (Аяқтау)	Орнату аяқталды. Теледидар пайдалануды бастау үшін «Соңын» пайдаланыңыз.

Бас мәзір

Теледидар пайдалануды бастау алдында әртүрлі атқарымдарды таңдау мен теңшеу мақсатында мәзір бойынша ауысуды түсіну үшін төменде сипатталған әрекеттерді орындаңыз. Әртүрлі мәзірлерде навигациялау бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін.



- Бас мәзірінің экранына шығару үшін «MENU» пайдаланыңыз.
- Бас мәзір бойынша ауысу үшін ◀/▶ пернелерін пайдаланыңыз. Сіз Жұмыс үстелі (Домой) (Үйге) - Источник (Дереккөз) - Картинка (Сурет) - Звук (Дыбыс) - Канал (Арна) - Блок системы (Жүйе блогы)-Настройки (Теңшелімдер)-Дополнительно (Қосымша) таңдай аласыз.
- Қосалқы мәзіріне кіру үшін «OK» басыңыз.
- Навигациялау нұсқар-батырмалары арқылы қалаған параметрді таңдаңыз.
- Параметрдің мәнін теңшеу үшін ◀/▶ батырмаларын пайдаланыңыз.
- Алдыңғы мәзірге қайтып оралу үшін «MENU» немесе «EXIT» пайдаланыңыз.


Ескертпелер:

- Егер мәзір тармағы сұр түспен ерекшеленген болса, бұл оның қолжетімділігі уақытша болғаны немесе өзгерту мүмкіндігі болмайды.
- Мәзірдің кейбір тармақтары қолданылатын дереккөздердің режимдеріне немесе сигналдарына байланысты жасырын болуы мүмкін.
- Теледидар пернелерінің атқарымдары басқару пультіндегі тиісті батырмаларындағыдай атқарымдары бар. Егер пульт жоғалтылса немесе жұмыс істемейтін болса, қажетті мәзірді таңдау үшін теледидар батырмаларын пайдалануға болады.
- Нұсқаулықта тек мәзір бойынша пульт көмегімен навигациялау тәсілі сипатталған.

Smart-ТД үй беті

Үй беті — бұл әртүрлі атқарымдарға арналған орталық интерфейс, ол пайдаланушыға теледидардың атқарымдарына қолжетімділікті алу мүмкіндігін береді.

Интерфейске қол жеткізу үшін «HOME» батырмасын пайдаланыңыз, оның үлгісі төменде кескінде көрсетілген.



Кескін үлгі ретінде келтірілген, нақты интерфейс ерекшеленуі мүмкін.

Интерфейстің жоғарғы бөлігінде санатты таңдау мәзірі бар: Музыка, Видео, iTV, Кино, Фото, Приложения (Музыка, Бейне, iTV, Кино, Фото, Қолданбалар).

◀/▶ нұсқарлары арқылы қажетті санатты таңдаңыз және «OK» батырмасы арқылы таңдауды растаңыз.

Медиафайлдарды жаңғырту

- USB дискісін теледидардың тиісті портына салыңыз.
- Мына ◀/▶ батырмалары арқылы «Файлы» (Файлдар) санатын таңдаңыз және «OK» батырмасын басыңыз.
- Құрылғының медиа мүмкіндіктері сізге бейне мен музыкалық файлдарды ойнату, USB дискілеріндегі кескіндерді қарау мүмкіндігін береді.



Музыка

◀/▶ батырмалары арқылы негізгі мәзірдегі «Музыка» тарауын таңдаңыз және растау үшін «OK» басыңыз.

Тек осы қосалқы мәзірдің музыкалық файлдары ойнатылады. Файлдар арасында навигациялау үшін нұсқар-батырмаларын пайдаланыңыз, ал кейін жаңғырту үшін [▶] басыңыз.

Видео (Бейне)

◀/▶ батырмалары арқылы негізгі мәзірдегі «Видео» (Бейне) тарауын таңдаңыз және растау үшін «OK» басыңыз.

Тек осы қосалқы мәзірдің музыкалық файлдары ойнатылады. Файлдар арасында навигациялау үшін нұсқар-батырмаларын пайдаланыңыз, ал кейін жаңғырту үшін [▶] басыңыз.

Интерактивті теледидар ретінде мәлім болатын iTV бізге саналы баға арқылы теледидардың цифрлық сапасымен рақаттану мүмкіндігін береді.

USB мультимедиа плеері


Музыканы жаңғырту

Нұсқар-батырмалары арқылы экран мәзірінің қажетті атқарымын таңдаңыз, кейін растау үшін «OK» батырмасын басыңыз.

Файлдар арасында навигациялау үшін нұсқар-батырмаларын пайдаланыңыз.

[▶]/[II]: ойнату мен үзіліс режимдері арасында ауысуға арналған.

[■]: ойнатуды тоқтату үшін.




Бейнені жаңғырту

Нұсқар-батырмалары арқылы экран мәзірінің қажетті атқарымын таңдаңыз, кейін растау үшін «OK» батырмасын басыңыз.

Файлдар арасында навигациялау үшін нұсқар-батырмаларын пайдаланыңыз.

[▶]/[⏮]: ойнату мен үзіліс режимдері арасында ауысуға арналған.


[■]: ойнатуды тоқтату үшін.



Фотосуреттерді қарап шығу


Нұсқар-батырмалары арқылы экран мәзірінің қажетті атқарымын таңдаңыз, кейін растау үшін «OK» батырмасын басыңыз.

Файлдар арасында навигациялау үшін нұсқар-батырмаларын пайдаланыңыз.




Қолданбалар

Осы тарауда жүйелік және басқа да қолданбалар бар



Браузер

Браузерді (веб-шолғыш) таңдау үшін нұсқар-батырмаларын пайдаланыңыз және «ОК» басыңыз. Төмендегі суретте браузерге кіргенде үй беті көрсетілген.



Веб-сайттарды қолайлы қарау үшін теледидарға сыртқы пернетақта мен тінтуірді қосы ұсынылады. Олар болмаған жағдайда сіз экранда тінтуір меңзерін пульттегі нұсқар-батырмаларының көмегімен жылжыта аласыз. Меңзерді мекенжайы жолына жылжытыңыз және растау үшін «ОК» басыңыз. Әріптерді/цифрларды/арнайы белгілерді енгізу үшін экран пернетақтасы бар терезе шығады. Экран пернетақтасында таңбаларды таңдау үшін оның бойынан нұсқар-батырмалары арқылы жылжыңыз және қалаған таңбаға келген кезде ОК басыңыз. Экран пернетақтасын жабу үшін «EXIT» пайдаланыңыз. Әріптер/цифрлар режимдерін ауыстырып-қосу үшін экран төмендегі ескертулерді орындаңыз. Сайттарды қараған кезде келесі батырмаларды пайдаланыңыз:

- ▼/▲/◀/▶ - тінтуірді жылжыту.
- «ОК» - белгіленген мазмұнын таңдау.
- «EXIT» - алдыңғы қараған бетке қайтып оралу немесе браузерден шығу.

Басқа құрылғылардан жіберу

Медиафайлдарды жаңғырту

- Ең алдымен файлдары бар USB құрылғысын теледидардың USB портына қондырыңыз.
- Тасығышты таңдау үшін ▼/▲/◀/▶ пайдаланыңыз және Видео, Музыка, Фото, Папки (Бейне, Музыка, Фото, Бұмалар) қосалқы мәзіріне кіру үшін «OK» басыңыз.
- Құрылғыны ауыстыру үшін ▼/▲ батырмасын пайдаланыңыз.
- SMART жұмыс үстеліне қайтып оралу үшін «EXIT» батырмасын пайдаланыңыз.

Ескертпелер:

- Кейбір USB-құрылғылары ішінара қолданбауы немесе мүлдем қолданбауы мүмкін.
- USB қуаттау параметрлері: 5 В, 0,5 А.
- Қуаттау параметрлерлеріне байланысты сыртқы қатқыл дискілерінің кейбір модельдері қолданбайды. Қосымша сырттан қуаты бар USB-дискілерін пайдалану ұсынылады.

Қолдаулы форматтар

- Бейне: .avi, .mpg, .mpeg, .vob, .dat, .mp4, .mpeg4, .mkv.
- Аудио: .asf, .aac, .ac3, .mp1, .mp2, .mpa, .mp3, .mp4, .m4a.
- Кескіндер: .bmp, .png, .jpg, .jpeg.


EShareServer

Орнату және қосу


- Теледидар мен смартфон қолданбамен бірге бір сымсыз желіге қосулы тиіс.
- EShareServer-ді нұсқар-батырмаларының көмегімен таңдаңыз және қолданбаны ашу үшін «OK» басыңыз. QR кодын телефонмен сканерлеу жолымен қолданбаны жүктеп алыңыз және смартфондағы браузерді ашыңыз.

Android: клиент қолданбасын жүктеу және орнату үшін «Android үшін EShare» пайдаланыңыз.

iOS: AppStore-ден алынған «Network Setting» «EShare» пайдаланыңыз. Airplay автоматты түрде қосылады.



AirPlay



AirPlay ағын түрінде жіберу сіздің iOS құрылғыңыздағы көптеген әртүрлі дереккөздерден, соның ішінде «Фотографии» (Фотосуреттер), «Видео (Бейне)», «Safari» мен «Музыка» қолданбаларынан немесе тура жақында пайдаланылған қолданбалардан бейне мен фотосуреттерді қарау, музыканы тыңдау мүмкіндігін береді.


Airplay фото- және бейнефайлдарын Smart TV-ге ағын түрінде жіберу

- iOS құрылғысын және Smart TV-ді бір Wi-Fi желісіне қосыңыз.
- Құрылғыдағы «Видео» (Бейне), «Safari» немесе «Фотографии» (Фотосуреттер) қолданбаларын ашыңыз.
- AirPlay белгішесін табыңыз да пайдаланыңыз (AirPlay бейне-контентті «Safari»-ден немесе «Видео» (Бейне)-ден жіберіп талпынғанда, алдымен жаңғырту басталады).
- Қолжетімді құрылғылардың тізімінен Smart TV таңдаңыз және жаңғыртуды бастаңыз.

AirPlay аудиофайлдарын Smart TV арқылы тыңдау

- iOS құрылғысын және Smart TV-ді бір Wi-Fi желісіне қосыңыз.
- Құрылғыдағы «Музыка» қолданбаларын ашыңыз.
- AirPlay белгісін табыңыз және пайдаланыңыз.
- Қолжетімді құрылғылардың тізімінен Smart TV таңдаңыз және жаңғыртуды бастаңыз.

Параметрлерді мәзірде теңшеу



Үй бетінің интерфейсында «MENU» батырмасын пайдаланыңыз.



Мәзірдің қажетті тарауын нұсқар-батырмаларының көмегімен таңдаңыз және таңдауды «OK» батырмасын басып растаңыз.

«Настройки сети» (Желі теңшелімдері) мәзірі

- Теледидар Интернетке жергілікті желі (LAN) арқылы сыммен немесе сымсыз қосылыс көмегімен қолжетімділікті ала алады.
- Интернетке тұрақты түрде қосылу үшін сым қосылысты пайдалану немесе сымсыз бағдарлауышты теледидарға жақын орнату ұсынылады.



Сым арқылы қосу (Ethernet, LAN)

Желіге сым арқылы қосылу үшін теледидардың бағдарлауышқа RJ45 істікшесінің жалғағышымен Ethernet желілік кабелінің көмегімен қосылысы бар болғанына тексеріңіз.




- Нұсқар-батырмаларының көмегімен «Проводная сеть» (Сымды желі) желісінің режимін таңдаңыз.
- Кейін желі теңшелімдерінің ішкі мәзірінде IP-мекенжайын автоматты түрде алуын таңдаңыз.
- Құрылғыны инициализациялау және оны желіге қосу үшін бір минут күтіңіз.

Сымсыз қосы (Wi-Fi, Wireless)



- Нұсқар-батырмаларының көмегімен «Беспроводная сеть» (Сымсыз желі) желісінің режимін таңдаңыз.
- Нұсқар-батырмаларының көмегімен қосуға арналған желіні таңдаңыз және таңдауды растау үшін «ОК» батырмасын басыңыз.
- Экран пернетақтасының көмегімен сымсыз желінің құпиясөзін енгізіңіз және «ОК» басыңыз.
- Құрылғыны инициализациялау және оны желіге қосу үшін бір минут күтіңіз.

«Настройки времени» (Уақытты теңшеу) батырмасы



Авто

Желілік сервистері арқылы ағымдағы уақытты және күнді автоматты түрде алу. Автоматты теңшеуді таңдау үшін ▼/▲ пайдаланыңыз, іске қосу немесе сөндіру үшін «ОК» басыңыз.

Ескертпе: егер уақытты автоматты қосу орнатылған болса, онда көрсету уақыты мен форматты орнату опциясы қолжетімсіз болуы мүмкін.

Изменить (Өзгерту)

Ағымдағы уақыт пен күнді өзгерту.

Уақытты енгізу үшін ▼/▲ пайдаланыңыз және түзету үшін «ОК» басыңыз.

Формат даты (Күн форматы)

Күн форматын таңдаңыз (Нұсқалары: айы / күні / жылы, күні / айы / жылы, жылы / айы / күні).

Күн форматын таңдау үшін ▼/▲ пайдаланыңыз, таңдауды растау үшін «ОК» басыңыз.

Часовой пояс (Сағат белдеуі)

Жергілікті сағат белдеуін таңдаңыз.

Сағат белдеуін таңдау үшін ▼/▲ пайдаланыңыз, таңдауды растау үшін «ОК» басыңыз.

Летнее время (Жазғы уақыт)

Жазғы уақытқа ауысуды қосу/сөндіру.


Опцияны таңдау үшін ▼/▲ пайдаланыңыз, таңдауды растау үшін «ОК» басыңыз.

24 часа (24 сағат)

Уақыт көрсетудің 24-сағат форматын қосу/сөндіру.

Опцияны таңдау үшін ▼/▲ пайдаланыңыз, таңдауды растау үшін «ОК» басыңыз.

«Настройки системы» (Жүйе теңшелімдері) мәзірі



Настройки языка (Тіл теңшеулері)

Мәзірдің көрсету тілін таңдауды орнату.

Опцияны таңдау үшін ▼/▲ пайдаланыңыз, таңдауды растау үшін «OK» басыңыз.

Метод ввода (Енгізу әдісі)

Таңбаларды дұрыс енгізу үшін экран пернетақтасының түрін таңдау.

Опцияны таңдау үшін ▼/▲ пайдаланыңыз, таңдауды растау үшін «OK» басыңыз.

Настройка доступов (Қолжетімділіктерді теңшеу)

Қолжетімділік менеджерін таңдау үшін ▼/▲ пайдаланыңыз, таңдауды растау үшін «OK» басыңыз.

Меню восстановления (Қалыпқа келтіру мәзірі)

Жүйені зауыттық теңшелімдеріне толығымен түсіру.

Құрылғыны қайта жүктеу үшін «OK» басыңыз.

Имя устройства (Құрылғының атауы)

Құрылғының атауын түзету.

Профили (Профильдер)

Опцияны таңдау үшін ▼/▲ пайдаланыңыз, таңдауды растау үшін «OK» басыңыз.


Теледидардың негізгі мәзірі

Сигнал көзін таңдау



Негізгі мәзірді ТД экранына шақыру үшін «MENU» пернесін пайдаланыңыз. Дереккөзді ◀/▶ батырмалар көмегімен таңдаңыз және «OK» басып таңдауды растаңыз.


«Картинка» (Сурет) бөлімі



Қалаған параметрді ▼/▲ батырмалар көмегімен таңдаңыз, кейін ◀/▶ батырмалар көмегімен параметрдің мәнін өзгертіңіз «OK» басып таңдауды растаңыз.

- Контраст (Кереғарлық)
Кескіннің кереғарлығын реттеу.
- Яркость (Ашықтық)
Экран кескінінің ашықтығын реттеу.
- Цвет (Түсі)
Түс белсенділігінің деңгейін реттеу.
- Четкость (Анықтық)
Аса анық немесе аса тегіс кескінді алуға арналған ашықтықты реттеу.
- Оттенок (Реңк) (NTSC түстілігінің жүйесінде ғана)
Түс реңктерінің деңгейін теңшеу (қызыл, жасыл, көк).
- Подсветка (Көмескі жарық)
Экран көмескі жарығының жарықдиодтарының ашықтығын теңшеу.
- Шумоподавление (Шубасу)
Әртүрлі қабылдау аймақтарына арналған сигналды оңтайландыру.
- Отношение сторон (Жақтардың арақатынасы)
Кескін жақтарының арақатынасын таңдау.
- Температура
Кескіннің қалаған түс гаммасын алдын ала орнатуларын таңдаңыз (суық, стандартты, жылы).


- Больше (Артық)
Қосымша теңшелімдердің кіші тармағына ауысу үшін осы тармақты таңдаңыз.



- Режим HDMI (HDMI режимі) (егер HDMI сигналының көзі орнатылған болса)
HDMI сигналының режимінде экранның дұрыс форматын теңшеу.
- DLC
Кескіннің жарықтылығына байланысты кереғарлықтың динамикалық өзгерісі.


«Звук» (Дыбыс) бөлімі

Қалаған параметрді ▼/▲ батырмалар көмегімен таңдаңыз, кейін ◀/▶ батырмалар көмегімен параметрдің мәнін өзгертіңіз «OK» басып таңдауды растаңыз.




- Режим звучания (Дыбыстау режимі) (дыбысты алдын ала орнату).
Өзіңіз қалаған дыбыс режимін таңдаңыз, ол жоғары мен төмен жиіліктер деңгейінің белгіленген алдын ала орнатуларға негізделген.
- Низкие частоты (Төмен жиіліктер) (Бас)
Төмен жиіліктердің дыбыстау деңгейін теңшеу.
- Высокие частоты (Жоғары жиіліктер) (Дискант)
Жоғары жиіліктердің дыбыстау қарқындылығын теңшеу.
- Баланс (Теңгерім)
Дыбысты сол жақ және оң жақ динамиктер арқылы дыбыс шығару.
- Авторегулировка громкости (Дыбысты автореттеу) (AVC)
Дыбысты автоматты түрде реттеуді қосу/сөндіру.
- Аудиоописание (Аудиосипаттау)
Көру қабілеті нашарлаған адамдарды жетектеу үшін қосымша аудио жолын қосатын атқарым.
- Специальные возможности (Арнайы мүмкіншіліктер)
Экранда қақас еститін адамдарға арналған бағдарламалардың ілесіп жүретін ерекше мәтін ақпаратының шығуы.

- Больше (Артық)
Қосымша теңшелімдердің кіші тармағына ауысу үшін осы тармақты таңдаңыз.




- SPDIF
Дыбысты сыртқы күшейткішке шығаруға арналған аудиошығыс режимін таңдаңыз.
 - Выкл (Сөнд) - цифрлық аудиошығысты сөндіру.
 - PCM- күшейткіштерді кіріктірілген цифрлық декодерлерсіз қосу. Күшейткішке жіберу үшін екі арналы цифрлық аудиосигнал құрастырылады.
- Задержка SPDIF (SPDIF кідірісі)
Сыртқы күшейткішке жіберу кезінде дыбыстың іркілісі.
- Көлемді дыбыс (Объемный звук) (Surround)
Көлемді дыбыс әсерін қосу/сөндіру.
- Только звук (Тек дыбыс қана)
Атқарым музыканы тыңдағанда пайдалы. Теледидар экраны өшіріледі, дыбысты жайлы тыңдау үшін дыбыс шығару ғана қалады.

«Канал» (Арна) бөлімі



Қолжетімді телеарналар іздеуді іске қосар алдында теледидарға қосылған телесигнал түрін (антенна түрін) көрсету керек: эфирлік, кабельдік, жерсеріктік. Егер антенна (телесигнал) түрі дұрыс көрсетілмесе, онда теледидар іздеу кезінде біреуін де қабылдай алмайды.

- Страна (Ел)
Өзіңіз орналасқан еліңізді таңдаңыз. Еліңізді дұрыс таңдамаған кезде арналарды іздеу кезінде қателер болуы мүмкін.
- Тип антенны (Антенна түрі)
Қосу түрін таңдау: эфирлік (DVB-T2), кабельдік (DVB-C) немесе жерсеріктік (DVB-S2) сигнал.
- Автоматическое сканирование (Автоматты сканерлеу)
Барлық қолжетімді теледидарларды қабылдау.
 - LCN. Провайдер нұсқаған ТД арналарының нөмірлерін қосу/сөндіру.
 - Тип поиска (Іздеу түрі): АТД + ЦТД, АТД немесе ЦТД.
 - ID сети (Желінің ID): арналардың кабель желісінің сәйкестендіргішін тез іздеу режимінде таңдау.
 - Частота (Жиілік): цифрлық ағынды хабар тарату жүргізілетін телеарна жиілігінің мәнін таңдаңыз.
 - Скорость передачи (Таратудың жылдамдығы). Сигнал тарату жылдамдығының мәнін таңдаңыз (авто немесе тиісті цифрларды енгізіңіз).
 - Модуляция
Цифрлық сигналының модуляция мәнін таңдаңыз: 16QAM, 32QAM, 64QAM, 128QAM, 256QAM.
 - Іздеуді іске қосу: жоғарыда аталған барлық теңшеулерді аяқтаңыз және іздеуді бастау алдында «OK» басыңыз.



- Ручной поиск аналоговых телеканалов (Аналогтық телеарналарды қолмен іздеу)

- Системы цветности и звука (Түстілік және дыбыс жүйелері)

Хабар тарату еліне тән түстілік және дыбыс жүйелерін таңдаңыз (Қазақстан үшін - SECAM D/K).

- Частота (Жиілік)

Арнаның бастапқы жиілігін енгізу, одан іздеу жүргізіледі.

- Запуск поиска (Іздеуді іске қосу)

Жиілікті азайту/ұлғайту бағыты бойынша алдыңғы/келесі телеарнаны табу үшін ◀ (азайту) немесе ▶ (ұлғайту) батырмаларын пайдаланыңыз.

- Ручной поиск цифровых каналов (Цифрлық арналарды қолмен іздеу)

- Канал (Арна)

- Цифрлық ағынды хабар тарату жүргізілетін телеарна нөмірінің мәнін (мультиплекс) таңдаңыз.

- Частота (Жиілік)

Цифрлық ағынды хабар тарату жүргізілетін телеарна жиілігінің мәнін таңдаңыз.

- Скорость передачи (Тарату жылдамдығы)

Сигнал тарату жылдамдығының мәнін таңдаңыз (авто немесе тиісті цифрларды енгізіңіз).

- Модуляция


Цифрлық сигналының модуляция мәнін таңдаңыз.

- Мощность (Қуаты)

Цифрлық сигналының қуат деңгейін көрсету.

- Сапа (signal quality)


Цифрлық сигналының сапа деңгейін көрсету. Іздеуді іске қосу: Арналарды толығымен сканерлеуді бастау үшін ОК пайдаланыңыз.



- Поиск спутниковых каналов (Жерсерік арналарын іздеу)

Антенна түрін (іске қосу) түрін таңдаңыз - жерсерік және Іздеуге ауысу үшін ▲/▼ пайдаланыңыз, іздеу теңшелімдерінің ішкі мәзіріне кіру үшін «OK» басыңыз.

- Поиск закрытых (зашифрованных) каналов (Жабық (шифрланған) арналарды іздеу):
Шифрланған арналарды қосу/сөндіру.
- Режим сканирования (Сканерлеу режимі)
Таңдаңыз: желісіз (слепой (соқыр) немесе желі бойынша.
- Изменить Тип (Түрді өзгертіңіз)
Коммутатор түрін таңдаңыз: әмбебап немесе SatCR.
- DiSEqC шифрлеу түрі A, B, C, D
DiSEqC түрін таңдаңыз: A, B, C немесе D, «Обзор спутниковых настроек» (Жерсерік теңшелімдерін шолып қарау) мәзіріне кіру үшін «ОК» басыңыз.
- Позиция A, B (A, B жайғасымы)
A немесе B жайғасымын (көрсеткі секторы), «Обзор спутниковых настроек» (Жерсерік теңшелімдерін шолып қарау) мәзіріне (SatCR) кіру үшін «ОК» басыңыз.



- Спутник (Жерсерік): жерсеріктің атауын таңдаңыз және жерсеріктердің тізіміне кіру үшін «ОК» басыңыз. «Список спутников» (Жерсеріктердің тізімі) мәзірінде бола тұрып сіз жерсерікті немесе жаңасын қоса аласыз.
- Настройка спутника (Жерсерікті теңшеу)
Қосымша теңшелімдердің кіші тармағына ауысу үшін осы тармақты таңдаңыз.
- Егер әмбебап коммутатор түрін таңдасаңыз, онда осы мәзірде сіз жерсеріктің LNB антеннасының жиілігі, транспондерін орната аласыз, сигналдың қуатын (деңгейін) және сапасын және т. б. көрсете аласыз.
SatCR таңдаған жағдайда LNB антеннасын жиілігін, транспондерді орната аласыз, сигналдың қуатын және сапасын көрсете аласыз.
- Автоматическое сканирование (Автоматты сканерлеу)
Телеарналарды автоматты іздеуді бастау үшін «ОК» басыңыз.
- Ручное сканирование (Қолмен сканерлеу)
- Спутник (Жерсерік)
Жерсеріктің атауын таңдаңыз.
- Транспондер
Транспондердің жиілігін немесе жаңа жиілікті қосыңыз.
- Запуск (Іске қосу)
Арналар іздеуді бастау үшін «ОК» басыңыз.

«Каналы» (Арналар) бөлімі

▼/▲ нұсқарларымен арнаны белгілеңіз. Араны түзетуге кіру үшін «MENU» пайдаланыңыз. Келесі опцияларды таңдау үшін ◀/▶ пайдаланыңыз: Переместить, Пропустить, Удалить, Любимые, Блок (Ауыстыру, Өткізу, Жою, Сүйкімділер, Блок). Арнаның атауын өзгерту мақсатында экран пернетақтасын шақыру үшін «OK» басыңыз (АТД режимі ғана).

EPG (телегид)

Телегидті шақыру үшін: телебағдарламаны таңдау үшін, немесе ағымдағы бағдарлама не келешекте (барынша 8 күн бұрын) болатын бағдарлама туралы ақпарат алу үшін «EPG» басыңыз.

◀/▶ батырмалары арқылы телегид бағандары арасында ауысыңыз.

▼/▲ батырмалары арқылы тізімдегі әртүрлі арналарды/бағдарламаларды таңдаңыз.

Телегидтен шығу үшін «EPG» қайталап басыңыз. Таңдаулының тізімінің мәзірін көрсету үшін «FAV» батырмасын пайдаланыңыз.

CI ақпараты (ЦТД (DTV) режимінде)

Провайдермен берілген шартты қолжетімділік CI картасы сізге провайдердің шифрленген (ақылы) телеарналарын қарау мүмкіндігін береді. CI картасын ТД-дің CI слотына CI картасындағы нұсқары бойынша қондырыңыз.



ЕСКЕРТПЕ:

Егер теледидардың CI слоты болса, атқарым қолжетімді болады.


Теледидарды іске қосқан уақытында CI картасын салмаңыз және шығарып алмаңыз.

CI картасын CI слотының ішіне салу үшін артық күш салмаңыз және жиі шығармаңыз.

CI картасын инициализациялау кезінде ҚБ пультіңде ешбір батырмаларды баспаңыз.




«Блок системы» (Жүйенің блогы) бөлімі



- Изменить пароль (Құпиясөзді өзгерту)
Қосалқы мәзіріне кіру үшін «ОК» басыңыз. Басқару пультінің цифрлық батырмаларын пайдаланып, жаңа құпиясөзді орнатыңыз. Оны ТД жадына жазу үшін жаңа құпиясөзді растаңыз.
- Блок системы (Жүйенің блогы) (қос./сөнд.)
Егер 4 цифрдан құрылған құпиясөз енгізілмеген болса, атқарым теледидардың рұқсатсыз жұмысының алдын алады. Әдепкі түрдегі 1225 құпиясөзін енгізіңіз, арналарды тура таңдау батырмаларын пайдаланыңыз.
- Родительский контроль (Ата-ана бақылауы)
Теледидарды кішкентай балалардың пайдалануының немесе басқа күтпеген пайдаланудың алдын алады. Адамның тиісті жасын таңдау үшін ◀/▶ батырманы пайдаланыңыз (Жүйені бұғаттау режимінің батырмасы іске қосылған болса қолжетімді).

Настройки времени (Уақытты теңшеу)

- Время показа меню (Мәзірді көрсету уақыты) (OSD Timer)
Теледидар экранында мәзір көрсету уақытын реттеу.



- Сон (Ұйқы)
ТД таймер бойынша автоматты, мәжбүрлеп сөндіру уақытын орнату. Ұйқы таймерін пайдалану үшін «Выкл.» (Сөнд.) таңдаңыз.
- Авт. отключение (Авт. сөндіру)
Басқару пультінде пернелер басылмаған кезде ТД автоматты түрде сөндірілетін уақытты таңдаңыз.

«Дополнительно» (Қосымша) бөлімі




- Синий экран (Көк экран)
Кейбір дереккөздерде сигнал болмағанда көк экранды қосу/сөндіру.
- Язык аудио 1 (1-аудио тілі), язык аудио 2 (2-аудио тілі)
Телеарналардың дыбыс берудің аудиожолын таңдау, егер ондай мүмкіндік қолданылса (ЦТД режимінде ғана қолжетімді).
- Язык субтитров 1 (1-субтитр тілі), язык субтитров 2 (2-субтитр тілі)
Телеарналардың субтитр берудің тілін таңдау, егер ондай мүмкіндік қолданылса (ЦТД режимінде ғана қолжетімді).
- HDMI CEC
HDMI CEC опциясын таңдау үшін ▲/▼ батырмаларды пайдаланыңыз, қосалқы мәзірге кіру үшін «OK» батырмасын басыңыз.
 - Переключение HDMI CEC (HDMI CEC ауыстырып-қосу)
HDMI CEC іске қосу немесе сөндіру үшін «OK» басыңыз.
 - Автоматическое включение (Автоматты іске қосу)
Теледидарға қосылған құрылғылардың тізімін көрсету.
 - Автоматическое выключение (Автоматты сөндіру)
Теледидарды сөндірген кезде барлық белсенді CEC-құрылғылары автоматты түрде күту режиміне ауысады. HDMI CEC іске қосу немесе сөндіру үшін «OK» батырмасын басыңыз.
Опцияны іске қосу немесе сөндіру үшін «OK» батырмасын басыңыз.
- HDMI ARC
AV-ресивер арқылы HDMI (ARC) көмегімен аудио жаңғырту.
HDMI ARC опциясын іске қосу немесе сөндіру үшін «OK» батырмасын басыңыз.
- Устройства (Құрылғылар)
«Автоматическое включение» (Автоматты іске қосу) опциясын іске қосыңыз немесе сөндіріңіз.
- Сброс меню (Мәзірді түсіру)
Теледидар параметрлерін әдепкі түрдегі зауыттық теңшелімдеріне түсіру.

PVR опциясы

Дайындық


- USB-жинақтауышын немесе USB қатқыл дискісін теледидардың USB жалғағышына қосыңыз.
 - USB-жинақтауышының көлемі кемінде 512 Мбайт болуы тиіс.
 - USB-жинақтауышы USB 2.0 стандартын қолдауы тиіс.
- Теледидарды іске қосып, ЦТД режиміне ауысыңыз.
- Бас мәзірді шақыру үшін ҚБ пультіңде «MENU» батырмасын басыңыз, ◀/▶ батырмалар көмегімен «Настройка» (Теңшеу) мәзірін таңдаңыз, «OK» батырмасын басыңыз.



- ▲/▼ батырмалар көмегімен «PVR файлдық жүйесі» опциясын (ЦТД режимінде) таңдаңыз, кейін қосалқы мәзірге ауысу үшін «OK» батырмасын басыңыз.
- Диск
PVR жазу үшін дискіні таңдаңыз.
- Список записей (Жазбалар тізімі)
Жазбалар тізімінің мәзірін көрсету үшін таңдаңыз.

Запись (Жазу)

- Арнаны таңдаңыз, жазуды бастау үшін «REC» батырмасын басыңыз.
- Жазу мәзірін көрсету/жасыру үшін «REC» батырмасын басыңыз.
- Сіз «STOP» батырмасын басқаныңызша немесе құрылғының жады толғанынша жазу жалғаса береді. Жазу басталғанда, экранда мәзір көрсетіледі.



Жазылған бағдарламаларды жаңғырту

Жазбалар тізімін көрсету үшін жазу аяқталғанда PVR таңдаңыз.

- ▲/▼ батырмалар көмегімен қажетті файлды мәзірден таңдаңыз, кейін жаңғырту үшін «OK» батырмасын басыңыз.
- Қажет болмаған файлды жою үшін қызыл батырманы басыңыз.
- Мәзірден шығу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.

Телемәтін

Телемәтін — бұл ақпараттық жүйе, ол теледидар экранында көрсетіледі. Телемәтін жүйесінің көмегімен Сіз телемәтіннің негізгі бетінде қолжетімді тақырыптар бойынша ақпарат беттерін қарай аласыз.

- Телемәтін сигналы бар телеарнаны таңдаңыз.
- Телемәтін режиміне кіру үшін [►] батырманы басыңыз.
- Телемәтін көрсету режимін таңдау үшін [III] басыңыз.
- Телемәтін режимінен шығу үшін [►] батырманы басыңыз.

Бетті таңдау

- Цифрлық батырмалар көмегімен бет нөмірін (үш цифр) таңдаңыз. Егер нөмір дұрыс енгізілмесе, үш белгілі санды аяқтау керек және кейін беттің дұрыс нөмірін енгізу керек.
- CH ⊕/⊖ батырмалар арқылы алдыңғы немесе келесі бетті таңдауға болады.

Бетті ұстау

- Бетті ұстау үшін [■] басыңыз.
- Беттерді ауыстыруды жалғастыру үшін [■] қайталап басыңыз.

Мазмұны

- Телемәтін мазмұнына ауысу үшін [◀◀] басыңыз.

Телемәтін бетінің нөмірін өзгерту

- Телемәтін бетінің нөмірін өзгерту үшін «SIZE» батырмасын басыңыз.

Жасырын мәтінді көрсету

- Телемәтіннің жасырын ақпаратын көрсету үшін [▶▶] басыңыз.
- Жасырын ақпаратты экраннан жою үшін [▶▶] қайталап басыңыз.

Телемәтіннің көмекші беттерін көрсету

- Телемәтіннің субтитрлерін немесе көмекші беттерін қарау үшін [◀◀] басыңыз.

Түсті батырмалар

- Телемәтіннің төменгі бөлігінде көрсетілетін тиісті түсті беттердің тікелей қол жеткізу үшін осы батырмаларды баса беріңіз.

Ықтимал ақаулар және олардың шешімдері

Ақау	Шешім
Теледидар ҚБ пультінің пәрмендеріне жауап бермейді	• ТД және қашықтықтан басқару пульті арасында кедергінің болмауына көз жеткізіңіз. • Батареялар зарядталған және (+-сі ⊕-сіне, ⊖-сі ⊖)-не қосылғанына көз жеткізіңіз. Қажет болғанда батареяларды жаңа түрлеріне ауыстырыңыз.
ТД іске қосылмайды: кескіні мен дыбысы жоқ	• Басқа электр аспаптарын қосып, розетканың желілік кернеуі болғанына көз жеткізіңіз. • Қуаттау баусымы розеткаға және ТД сенімді түрде қосылғанына көз жеткізіңіз. • Қуаттау баусымы зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. • (ТД панельде орналасқан батырма немесе ҚБ пультіндегі «POWER» батырмасы арқылы) ТД іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
Теледидар өзінен-өзі сөндіріледі	Электр желісінің қосылу сенімділігін тексеріңіз. Электр қуаттау желісінің іркілісі болуы мүмкін немесе розеткадағы түйіспесі нашар.
Арналарды теңшемейді, барлық арналарды теңшемейді	• Дұрыс іздеу режимін таңдаңыз және автоіздеуді қайтадан жүргізіңіз. Толық нұсқау алу үшін осы Нұсқаулықтың «Бастапқы теңшеу» және «Қолмен теңшеу» бөлімдерін қараңыз. • Өз антеннаңыздың дұрыс бағытын, кабель, жалғағыштардың тұтастылығын, қосу сенімділігін тексеріңіз. • Бағдарламалық жасақтаманы (БЖ) жаңартыңыз. Сіз тиісті БЖ dexp.club ресми сайтынан таба аласыз. • Сіздің кабельді ТД операторына жүгініңіз.
Экранда Нет сигнала» (Сигнал жоқ) жазбасы шығады.	• Кіру көзі мәзірінде кіру сигналының дұрыс таңдалғанын тексеріңіз («SOURCE» батырмасы). • Сыртқы құрылғы/антенна сигналды кабель көмегімен сенімді түрде қосылғанына, іске қосылғанына және жұмыс істегеніне көз жеткізіңіз. • Сигналды кабельді ауыстырып көріңіз, ақау сонда болатыны мүмкін.
Компьютерге қосқан кезде (HDMI), «Нет сигнала» (Сигнал жоқ) немесе «Неверный формат» (Жарамсыз формат) хабарламасы көрсетіледі.	• Кіру көзі мәзірінде кіру сигналының дұрыс таңдалғанын тексеріңіз («SOURCE» батырмасы). • ТД бейнекартаның ажыратымдылығы мен кадрлар жиілігін қолдағанына көз жеткізіңіз. Егер бейнекарта теңшелімдерінде қолданылмайтын жиілік немесе ажыратымдылық белгіленген болса – ұсынылатын параметрлерді орнатыңыз. • БҚ пульті көмегімен ТД сөндіріңіз/іске қосыңыз. • HDMI қайтадан іске қосыңыз. • ТД сөндірмей, компьютерді қайта жүктеңіз.

Қарау уақытында дыбыс жоқ немесе бұрмаланған	• ҚБ пультінде «VOL+/VOL-» батырмасын пайдаланыңыз. • «Дыбыссыз» режимі («MUTE» батырмасы) іске қосылмағанына көз жеткізіңіз. • Арнаны қайтадан іске қосыңыз. Ақау арнамен байланысты болу мүмкін.. • Аудиокабель тиісті шығыс аудиожалғағышына қосылғанына және зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. • Антеннаны немесе кабельдерді қосқанда сигнал туралы мәліметтерді тексеріңіз. Сигналдың төмен деңгейі дыбыстың бұрмалануына себеп болуы мүмкін. • Бейнеконтентті USB-тасығышынан жаңғыртқан кезде дыбыс жолының форматы қолданбауы мүмкін.
Қара-ақ кескіні көрсетіледі / түс берудің сапасы төмен	• Түстілікті, Реңктерді және Түс температурасын реттеңіз. • Экран теңшелімдерін түсіріңіз.
Қуаттау қосылған, бірақ өте төмен кескіні көрсетіледі.	• Келесі мәзірде ашықтығы мен кереғарлығын реттеңіз. • Келесі мәзірде экран теңшелімдерін түсіріңіз.
Теледидарды іске қосқан кезде немесе арналарды ауыстырып қосқан кезде кескін бірден шықпайды	Ақау болып табылмайды. Осындай құбылыс кескінді көрсету алдында экран пиксельдердің ыңғайлануына байланысты болады.
Жаңғыртудың немесе сигналдарды жіберудің сипатталмаған (өзге) ақауы. ТД кіріктірілген кейбір атқарым жұмыс істемейді	Сіздің елді мекеніңіздегі ең жақын сервистік орталыққа жүгініңіз. Мекенжайларын dexp.club ресми сайтында табуға болады.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі: F32D8000C.

Экраны: 32'' (81 см).

Экранның ажыратымдылығы: 1920x1080.

Динамиктердің қуаты: 10 Вт.

ТД-сигналы: DVB-C, DVB-T, DVB-T2, DVB-S2.

Қуаттау: ~220-240 В, 50/60 Гц.

Тұтынылатын қуат: 48 Вт.

Кодектер:

- Бейне: .avi, .mpg, .mpeg, .vob, .dat, .mp4, .mpeg4, .mkv.
- Аудио: .asf, .aac, .ac3, .mp1, .mp2, .mpa, .mp3, .mp4, .m4a.
- Кескіндер: .bmp, .png, .jpg, .jpeg.

Қолданылатын ажыратымдылықтар кестесі	
HDMI	ДК
480i	800x600 60 Гц
480p	1024x768 60 Гц
576i	1280x768 60 Гц
576p	1360x768 60 Гц
720p 60 Гц	1366x768 60 Гц
1080p 60 Гц	1920x1080 60 Гц

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °C бастап 40 °C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғының дұрыс тасымалдауын қамтамасыз ету үшін келесі талаптарды орындау қажет:
 - егер ондайлар бар болса, құрылғының барлық ішкі керек-жарақтарын шығарып алыңыз және оларды бөлек қаптаңыз;
 - оның жұмысқа қабілеттігін және сыртқы көрінісін сақтау үшін құрылғының дұрыс қапталғанына көз жеткізіңіз (ірі габаритті техниканы сынды жерлерінде гофрланған қатырмадан жасалған төсемдері бар полиэтилен немесе көпіршікті қабықшаға орау керек);
 - оның көлік құралы бойынша жылжуын болдырмау үшін құрылғыны белбеулермен сенімді түрде бекітіңіз;
 - сыртқы ортаның әсерін толығымен болдырмау үшін жабылған көлікті ғана пайдаланыңыз;
 - жүк тиеу-түсіру жұмыстарын орындаған кезде қаптамамен барынша ұқыптылықты қамтамасыз етіңіз.
 - шұғыл соққылар мен құлаудан сақтаңыз;
 - жауын немесе ылғалды қар астында ұзақ болуын болдырмаңыз;
 - қорап үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Ескертпе: Бұйымның құрамында асыл металлдар жоқ.



Қосымша ақпарат

Өндіруші: «Горизонт электроника және тұрмыстық техника зауыты» біртұтас өндірістік кәсіпорны.

Мекенжайы: Беларусь Республикасы, 220014, Минск қ., С. Ковалевская тұйық көш 62, 16 к.

Тел.: +37517 226 3601, факс.: +37517 303 7607.

E-mail: zebt@horizont.by

Интернеттегі мекенжайлар: www.dexp.club, www.horizont.by

Беларусь Республикасында жасалған.

Юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Султан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Қазақстан Республикасында шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Техникалық қызмет көрсету

Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта жазылған пайдалану ережелерін орындағанда теледидарды қолдану мерзімі бөлшек сауда желісі арқылы сатылған күннен бастап 3 жылды құрайды. Егер өндірілген күнін белгілеу мүмкіндігі болмаса, онда қолдану мерзімі теледидар өндірілген күнінен бастап есептеледі. Осы уақыт ішінде өндіруші тұтынушыға тауарды тағайындалуы бойынша пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ қосалқы бөлшектерді өндіру және сауда мен жөндеу кәсіпорындарына жеткізуді қамтамасыз етеді.

Пайдалану шарттары:

- жұмыс температурасы +10 °C бастап +35 °C-ге дейін;
- (температурасы 25 °C кезінде) 80% аспайтын салыстырмалы ылғалдылығы;
- атмосфералық қысымы 86-дан бастап 106 кПа-ға дейін (650 бастап 800 мм дейін сын.бағ.).

Өндірілген күні қаптамада көрсетілген.

Пайдаланушы нұсқаулығының қосымшасы

КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабықтың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» талаптарына сәйкестілік сертификаты Теледидар БР ТШ 100085149.176-2004 техникалық шарттарының талаптарына сәйкес келеді. Пайдаланудағы қауіпсіздік шарттары бойынша теледидарлар МЕМСТ ІЕС 60065-2013 бойынша ІІ қорғаныс сыныбына сәйкес келеді. Тұрмыстық радиоэлектронды аппаратураны, тұрмыстық электрлік аспаптарды, ақпараттық технологиялардың жабдығын жобалау, өндіру мен қызмет көрсету сапа менеджментінің жүйесі БСТ ISO 9001 - 2015 талаптарына сәйкес келеді.				
Тауар ЕАЭО КР 037/2016 «Электр техника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының кедендік регламенті талаптарына сәйкес келеді.				
Үлгісі	Таза салмағы, кг	Жалпы салмағы, кг	Қаптама өлшемі, мм	Жұмыс тәртібінің үлесті қуаты, Вт/ см ²
				Күту тәртібінде тұтынылатын қуат, Вт
				Сендірулі тәртіпте тұтынылатын қуат, Вт

This image shows a single sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық құрал (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық керек-жарақтар, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БҚ ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.



www.dexp.club